

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 сәуірдегі N 457 қаулысын орындау туралы**

*Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімінің 1999 жылғы 7 мамырдағы N 421 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1999 жылғы 31 мамырда N 54 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 33 шешімімен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 сәуірдегі "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 840 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" N 457 қаулысын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасының базарларындағы тауарларды (жұмыстар, қызметтер) өткізу құқығы үшін ақы төлеудің тәртібі және жиымдарының ставкалары туралы ережелерді бекіту туралы" N 840 қаулысын орындау үшін Алматы қаласының Әкімі ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Алматы қалалық Салық комитеті Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 сәуірдегі N 457 Қаулысына сәйкес базарларда тауарларды сату құқығы үшін жиымдардың толық жиналуын қамтамасыз етсін.

2 . < \* >

*Ескерту. 2 тармақтың күші жойылды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 16 маусымдағы N 3/494 қаулысымен.*

3. Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылғы 17 қазандағы "Алматы қаласы Әкімінің "Алматы қаласының базарларында тауарларды (жұмыстар, қызметтер) сату құқығы үшін жиымдардың ставкаларын енгізу туралы" N 992 шешімінің күшін жою туралы" N 1025 шешімінің күші жойылды деп саналсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Қ.А.Бүкеновке жүктелсін.

*Алматы қаласының Әкімі*

А л м а т ы қ а л а с ы Ә к і м і н і н  
1 9 9 9 ж ы л ғ ы 7 м а м ы р д а ғ ы  
N 4 2 1 ш е ш і м і н е  
N 1 қосымша

**Алматы қаласы базарларының дәрежелері**

- 1 дәрежесі - 10001 ш.м. және одан көп (1 га және одан көп)
- 2 дәрежесі - 5001 ш.м.-ден 10000 ш.м.-ге дейін

3 дәрежесі - 5000 ш.м.-ге дейін  
*Алқа хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК